



Б.А. МОЛДИН

АҚҚАҒАЗ ДОСЖАНОВА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Б.А. Молдин – <https://orcid.org/0009-0006-7600-2194>библиографиялық сілтеме/
Citation/

библиографическая ссылка:

Молдин БА. Аққағаз Досжанова және оның заманы. *Gylym Aliansy*. 2024;01(1):3-7.Moldin BA. Akkagaz Doszhanova and Her Time. *Gylym Aliansy*. 2024;01(1):3-7.Молдин БА. Аккагаз Досжанова и ее время. *Gylym Aliansy*. 2024;01(1):3-7.

Аққағаз Досжанова және оның заманы

Б.А. Молдин

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы жоғары білімді дәрігер Аққағаз Досжанова туралы деректер жан-жақты талданды. Тәуелсіздік жылдарындағы бір жетістігіміз – жоғалтқанымызды іздеп табу, өшкенімізді жаңарту, барымызды көрсету болды. Бұған елімізде кеңінен қолға алынған ҚР Президентінің «Мәдени мұра» және «Рухани Жаңғыру» бағдарламалары негізінде жүзеге асырылған шаралардың септігі тиді.

Мақалада алғашқы дәрігер қазақ қызының ХХ ғасырдың басындағы елдегі саяси істерге белсене араласуы, денсаулық сақтау саласының қалыптасуы мен қиындықтарын шешуге қосқан зор үлесі баяндалды. Оның ұлт мүддесі үшін «Алаш» қайраткерлерімен бірлесе қызмет еткені жөніндегі тың деректермен қайраткерлік ролі көрсетіледі.

А. Досжанованың қысқа ғұмыры мен өшпес мұрасы нақты мысалдармен, қиын да қилы заманда өмір сүргені айтылды.

Негізгі сөздер: *Аққағаз Досжанова, медицина тарихы, Қазақстан тарихы, тарихи тұлға, Қазақстандағы денсаулық сақтау саласының қалыптасуы*

Akkagaz Doszhanova and Her Time

B.A. Moldin

Marat Ospanov West Kazakhstan Medical University, Aktobe, Kazakhstan

One of the achievements during the years of independence has been the search for and revival of historical heritage. This endeavor has been facilitated by various events conducted as part of the president's program implementation, such as "Madeni Mura" (Cultural Heritage) and "Rukhani Zhangyru" (Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity).

This article provides a comprehensive analysis of sources pertaining to Akkagaz Doszhanova, a highly qualified doctor who emerged from the Kazakh milieu. The author skillfully elucidates Doszhanova's significant contributions to the formation of the healthcare system, her active participation as the first Kazakh female doctor in the political processes of early twentieth-century Kazakhstan, and her collaborative efforts for national interests alongside other "Alash" representatives. Despite her brief life, Doszhanova left an indelible mark on our history.

Keywords: *Akkagaz Doszhanova, history of medicine, history of Kazakhstan, historical figure, development of healthcare in Kazakhstan*

Аккагаз Досжанова и ее время

Б.А. Молдин

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Ақтөбе, Казахстан

Одним из достижений в годы Независимости стали поиск и возрождение исторического наследия. Этому способствовали различные мероприятия, которые прошли в рамках реализации программ Президента РК «Мәдени Мұра» («Культурное наследие») и «Рухани Жаңғыру» («Модернизация общественного сознания»).

Молдин Б.,
e-mail: poliglot_kz@mail.ruReceived/
Келін түсті/
Поступила:
10.01.2024Accepted/
Басылымға қабылданды/
Принята к публикации:
30.01.2024© 2024 The Authors
Published by Marat Ospanov West Kazakhstan
Medical University

В данной статье представлен всесторонний анализ источников об Аккагаз Досжановой - высококвалифицированном враче, вышедшем из казахской среды. Автор сумел раскрыть вклад А.Досжановой в формирование системы здравоохранения, ее активное участие как первой казахской девушки-врача в политических процессах, которые происходили в Казахстане в начале XX в., а также совместную деятельность за национальные интересы с другими представителями «Алаш». Несмотря на свою короткую жизнь, А.Досжанова оставила неизгладимый след в нашей истории.

Ключевые слова: Аккагаз Досжанова, история медицины, история Казахстана, историческая личность, становление здравоохранения Казахстана

Тәуелсіздік жылдарында бұрмаланған тарихымызды қайта жазып оған оң баға берілді, жоғалғанымыз түгенделіп жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында көптеген жұмыстар жасалды. Бұған алдымен елімізде кеңінен қолға алынған «Мәдени Мұра» бағдарламасы мен кейіннен мемлекеттік деңгейде үлкен жұмыстар атқарып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы өз септігін тигізді. Шыңғысхан «Егерде менің Қайырхандай жүз әскерім болса, онда әлемді алты айдың ішінде жаулап алар едім» деген екен. Бұдан ұлттың мүддесін қорғайтын жүздеген тобырлар емес, топты бастай білетін көшбасшылар екенін байқаймыз. Тарихта мыңдаған көптің есімі белгісіз болып қалуы мүмкін, бірақ ұлтына адал еңбек еткен тұлғалардың есімі мен еңбектері тарих бетінен мәңгі өшпейді. Халық денсаулығы мен ұлтының тағдыры үшін жастайынан саяси істерге араласқан шоктығы биік тұлғалардың бірі, қазақтан шыққан алғашқы жоғары білімді дәрігер қыз – Аққағаз Досжанова (1-сурет).

Аққағаз Досжанова 1893 жылы Орынбор губерниясына қарасты Торғай облысы Ақтөбе уезінің бесінші ауылында дүниеге келген [1]. Ол кезде патша жарлығымен қазақ жері Дала және Түркістан губерниясы деп бөлінген болатын. Сол кезде дүниеге келген жерінің атауы № 5 Бөрте кейбір деректерде Кете ауылы деп көрсетілген. Ол қазіргі Ақтөбе облысы Мәртүк ауданына қарасты жер. Ата-анасы ерте қайтыс болған. Олар туралы деректер жоқтың қасы. Әкесі Омар Патша заманында Сібірге жер аударылып жиырма жыл бас бостандығынан айырылған. Кейін елге келіп қатардағы шаруа болып қызмет атқарған. Ел арасында Омар – Сібір деген лақап аты болған деседі. [2] Ата-анасынан ерте қалған Аққағаз ағасы Сағындық Досжановтың тәрбиесінде өскен. С.Досжанов Орынбор қаласындағы оқытушылар даярлайтын мектепті бітірген. Қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің шәкірті болған өз аймағында мектептер ашылуына ықпал еткен қазақ зиялыларының бірі. Сонымен қатар Ақтөбе қаласында 1896 жылы Ыбырай Алтынсарин ашқан «Орыс-қырғыз» қыздарына арналған мектепте қызмет жасаған.

Ауыл мектебінде білім алып жүрген білімге құштар Аққағазды ағасы Орынбор гимназиясына оқуға берді. Бірақ жоғарғы таптар ғана білім алған қоғамда гимназияға қабылданбай, алдымен сол қаладағы Татар мектебінде оқып, кейін гимназияда оқуын жалғастырған. Аққағаз Досжанова туралы алғашқы дерек 1913 жылы «Айқап» журналында жарияланған. Онда Орынбор гимназиясын үздік бі-

тірген қазақ қыздары Гулайым Байгурина, Рахима Габдилкалықызы және Аққағаз Досжанова жөнінде жазылған. Сонымен қатар, Омбы семинариясында білім алып, қызмет жасаған қазақ зиялылары



Сурет 1. А. Досжанова (1893-1932)

М.Жұмабайұлы, Н.Нұрмаханов, С.Сейфулиндермен қатар Аққағаз Досжанованың да есімі қатар аталады (2-сурет). 1912 жылы Сағындық Досжановтың өтінішімен Торғай губерниясы болысының есебінен стипендия тағайындалып, Мәскеу жоғары әйелдер курсының медицина факультетіне оқуға түседі [3]. Мәскеуге жол тартқан қаршадай қазақ қызының бұл бастамасы заманында ерлікпен пара-пар саналды. Өйткені бұл уақытта қазақ балаларының оқуға мүмкіндігі жоқ болатын. Мәскеу саналы қазақ қызын тек білім нәрімен сусындатып қана қоймай, зерделі жастың зейінін кеңейтіп, үлкен өмір жолына үйретті.

Белсенді жастармен қатар жүріп, Мәскеуде білім алып жатқан мұсылман студенттері – татар, әзірбайжан және Шығыстың басқа да ұлттарының жастарымен тығыз қарым-қатынаста болып үлкен істерге араласқан. Бауырлас халықтардың бостандығы мен теңдігін, тұтастығын ту етіп мұсылман жастарының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Мәскеудегі татар студенттері қоғамының белсенді мүшесі болды. 1917 жылы ақпан айында Мәскеудің татар слободкасындағы медреседе бұратана халықтардың патша өкіметі езгісінен азат етілгені туралы орыс тілінде баяндама жасады. Қоғамдық саяси істерде белсенді болған Аққағаз Досжанова Мәскеудегі мұсылман жастарының көш басышыларының біріне айналды.

XX ғасырдың басында ұлт мүддесін, әйелдер



Сурет 2. А. Досжанова Омбы мұғалімдер семинариясы, 1914 жыл

теңдігін қорғауда Алаш қайраткерлері А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Т. Рысқұлов, С.Ходжановтармен қатар, А.Досжанованың да есімі аталады. С. Досжанов, Халел, Жаханша Досмұхамбетовтермен бірге «Алаш» партиясының Батыстағы бөлімшесін басқарған Аққағаз да халық арасында жүріп барлаушы ретінде Алашорда ісіне үлкен көмек көрсеткен. Сонымен қатар, 1917 жылы сәуірде жалпыресейлік мұсылмандар съезіне (1-5 май, Мәскеу) Торғай облысынан таңдалған төрт делегаттың бірі ретінде Аққағаз Досжанова қатысты [4]. Ол кезде қазақ әйелдерінің саяси істерде төрағалық етуі жиі кездесе бермейтін жағдай еді. Съездегі баяндамасында мұсылман әйелдердің білім алуына мүмкіндіктер жасау, еңбек ету теңдігі туралы мәселелер көтерген. Ахмет Байтұрсынов «Мен Мәскеудегі бүкілресейлік мұсылмандар съезінде өте белсенді қазақ жастарымен кездестім, олар баяндама жасағанда сөздерінен жалын, көздерінен от көрдім. Қазақ жастары сөз алғанда тура менің алдымда жанартау атқылып жатқандай болды» деп жазады [5]. Ол съезде Әлімхан Ермеков, Аққағаз Досжанова т.б. қазақ жастары болған.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» еңбегінде «Ақмола облыстық қазақ комитетіне» жазған ашық хатында мынадай үзінді келтіріледі. «Қазақтың бір газет, бір журналы подписшігі (оқырмандары) жоқтығынан жабылып қалды» деп, Ново-Николаевскийдегі шығатын орыс газетінде жазылыпты. Ол айтқаны «Жас азамат» газеті мен «Абай» журналы. Бұл хабары бекер: «Жас азамат» күні бүгінге шейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбең болып еді. Енді тоқтамас дейміз. Үйткені Омбы жастар әдебиеті кешені мың сом, Семей жастары 5000 сомдай көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтермелеушілер табылатын көрінеді. «Абайда» 900-дей алушы бар. «Абай» бір жола жабылған жоқ. Жалғыз журналын жауып қойып, тыныш отыруға оқыған жастардың талапты азаматтардың намысы, ұжданы жібермес, қайтсе де шығарар деген үмітіміз күшті. Осы газет-журналға қолдау білдіріп, сыйлық бергендер туралы Ғаббас Тоғжанұлының берген ақпаратынан көптеген қазақтың белсенді жастары солардың ішінде Аққағаз Досжанова 50 сом және бір күміс түрік теңге берді деп жазады [6]. Бұдан біз А.Досжанова қазақтың тек қана алғашқы дәрігер қызы ғана емес, қазақ әдебиетімен, баспа сөзінің қалыптасуына, халық ағарту ісіне қосқан зор үлесін көреміз.

Дегенмен, 1917 жылғы Ақпан революциясы, қоғамдық жұмыстар, оқудағы қиындықтар Аққағаздың денсаулығына кері әсер етіп, оқуын жалғастыра алмай, тек фельдшерлік бөлімді қысқа мерзімде аяқтап, «Сестра милосердия» куәлігін алған. Сонымен қатар, елдегі «ақгвардия» мен «қызылдар» арасындағы соғыс кезінде көптеген қазақ зиялыларына қолқак жақтастары, «шпиондар», «белсенділер» деген жала жабылып тұтқындала бастады. Ал, Аққағаз Досжанова достарының көмегімен көптеген қиындықпен елге оралуға мәжбүр болады. Елде бір жылдай емделіп,

білімін жалғастыру мақсатында Мәскеуге қайта оралады. Бұл кезде елде Бірінші дүниежүзілік соғыс болып жатқан еді. Соғыс жылдарында мейірбике қызметін атқарып, госпитальмен Польша шекарасына дейін барып, солдаттарға медициналық көмек көрсетіп, соғыста жеңіске жетуге өлшеусіз үлес қосты.

Кейін Томск медицина университетінің екінші курсына қабылданып оқуын жалғастырады. Келесі жылы болашақ дәрігер Семей облысының Абай ауданына келіп тәжірибеден өтті. Текті тұлғалар туған топырақта тәжірибеден өткен А.Досжанова Томскіге қайтып оралғысы келмеді. Зерделі жас ойлана келе, ақыл таразысына салып бар қазақ зиялылары бас қосып, тізе біріктіріп жатқан Ташкентке баруды жөн көреді. Ташкентте Шығыстағы Кеңес халықтарына арналған Орта-Азия мемлекеттік университетінде білімін жалғастырады. Аққағаз Досжанованың қазақ зиялыларымен достығы, ағалы-қарындасты сыйластығы, ұлтжандылығы, жастарға деген қамқорлығы, мамандығына деген ерекше құштарлығы Ташкентте жалғасты.

Сабақтан тыс уақытында қалалық акушерлік-гинекологиялық клиникада ординатор болып жұмыс істеп, қоғамдық жұмыстарда белсенді болды. Аққағаз Досжанованың Ташкентте Орынбор, Жизак, Самарқанд, Бұқар қалаларынан жиналған жетімдерді қарсы алып, шұғыл жәрдем көрсету тобына жетекшілік етіп, панасыз балаларды қамқорлығына алып, оларды балалар үйіне орналастыру жұмыстарымен белсене айналысты. 1920 жылы азамат соғысы салдарынан халық арасында шешек, оба секілді жұқпалы дерт кең тараған еді. Өзбекстан Республикасының медицина саласына еңбегі сіңген Зульфия Умидова өз естелігінде Аққағаздың осы кезде үлкен жұмыстар атқарғандығын айтады. Соның көрінісі 1921 жылы 11 қыркүйекте «Степная правда» газетінде жарияланған «Түркістан» атты мақаласында ел ішіне тараған жұқпалы аурулардың қаупі туралы баяндаған. Басқа да қоғамдағы өзекті мәселелерге арналған «Әйел теңдігі», «Абай», «Жас азамат» т.б. еңбектері болған [7]. Бірнеше балаға жүрек жылуын берген ақ халатты қазақ қызының бұл ісі – биік парасаттың көрінісі.

1922 жылы Аққағаз Досжанова Ташкенттегі Орта Азия университетін медицина мамандығы бойынша тамамдады. Түркістан Республикасының Халық комиссариатының кеңесі Шығыс қыздарына арнап Халық комиссариатының қаржысынан Аққағаз Досжанова атындағы стипендия тағайындаған. Сонымен қатар, «Правда» газеті 18 желтоқсан 1922 жылы былай деп хабар таратты. «Түркістан Республикасының Халық комиссарлар кеңесі Түркістан мемлекеттік университетінің медицина факультетін бітірген тұңғыш дәрігер әйел Аққағаз Досжановаға 100 мың сом сыйақы беріп және үкімет есебінен оған кабинет жабдықтау жөнінде қаулы қабылдады» [7]. Бұл енді қалыптасып жатқан қазақ медицинасы мен қазақ қыздарына деген зор құрмет еді.

Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина мамандығы бойынша

білім алған Аққағаздың құрметіне Түркістан Халық комиссариаты төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожановтың үйінде үлкен бас қосу өткен. Бұл салтанатты шараға Түркістан Халық комиссариаты төрағасы Тұрар Рысқұлов, Әшім Омаров, Санжар Асфендияров, Біләл Сүлеев, Сегізбай Айзунов, Нәзір Төреғұлов, Мұхамбетжан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамбетов, қазақтың белгілі аудармашы ғалымы Сайділ Талжанов, Мұхтар Әуезов т.б. болған [8]. Аққағаз Досжанованың бұндай құрметке ие болуы біріншіден, тұңғыш қазақтан шыққан жоғары білімді дәрігер әйел болуы, екіншіден, қазақ зиялыларымен бірге ел үшін атқарған істерімен абыройлы болғандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, Аққағаз Досжанова жоғары медициналық білім алған тек қазақ қызы ғана емес, Орталық Азиядағы мұсылман әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш дәрігер екенін айта кетуіміз керек.

Аққағаз Досжанова өмір сүрген заман дәрігер мамандардың тапшы, тіптен жоқ кезі еді. Сондықтан ол педиатр, акушер-гинеколог т.б. медицина саласының мамандығын қатар алып жүрген. Замандастарының айтуы бойынша ол жоғары білікті, антына адал, ақыл парасатымен ерекшеленіп тұратын кәсіби мәдениеті өте жоғары тұлға болған. Қиын-қыстау уақытта қазақтар туберкулез және сүзек аурумен көп ауырған. ҚР еңбек сіңірген дәрігері Исаак Иванович өзімен бірге қызмет атқарған әріптесі жайлы «Аққағаз өз ісіне қайшы келмейтін. Қалайда туберкулез ауруын емдеудің ұтымды жолдары жөнінде көп еңбек етті» деп еске алады. Осы мәселе туралы Тұрар Рысқұловқа ауруды жоюдың алдын алу, оларды туғызатын себептермен күресу және балаларды дұрыс тамақтандыру жөнінде ұсыныстар айтқан. Және қиын уақытта жетпей жатқан медициналық кадрларды дайындау мақсатында құрбысы Гүлсім Асфендияровамен бірге қазақ әйелдері мен қыздарына арналған «мейіргерлік курс» ашқан. Бұдан қазақ медицинасының қалыптасуына қосқан үлесімен қатар, қазақ әйелдерінің білім алуымен еңбек етуіне жағдай туғызғанын көруге болады.

Азамат соғысы жылдарында мыңдаған балалар жетім қалып, көптеген халық тоз-тозы шығып кедейге айналды. Осы тұста көзі ашық көкірегі ояу қазақ қызы саясаттан тысқары қала алмай, осы дүрбелеңнің ортасында халық үшін үлкен істер атқарды. 1920 жылы елдегі саяси істерді жүргізу мақсатында Түркістан Орталық Атқару комитеті шешімімен бірнеше жауапты тұлғалар тағайындалды, олардың қатарында Әділгерей Ершин де болды. Бұл іске жетекшілік еткен Түркістан Жастар Одағының төрағасы Ғани Мұратбаев еді. Ә.Ершин Ташкент қалалық білім бөлімінің жанындағы балалар үйімен интернатта бөлім меңгерушісі қызметін атқарған. Осы саладағы қызметтері Аққағаз бен Әділгерейді бір-біріне жақындата түсті. Ел үшін еңбек еткен екі азаматтың таныстығы Ташкентте білім алып жүргеннен басталды. Белсенді бірге атқарған қызметтері үлкен достыққа айналып, 1925 жылы отау құрды, жалғыз ұлдары Шахбаз Ершин техника ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы

Қазақ Ұлттық Университетінің профессор, оқытушы қызметін атқарған, өмірінің соңына дейін Алматы қаласында тұрды.

Бүгінгі күнге дейін қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігер, білімге ұмтылып Москвада білім алған, өзінің ақыл-парасатымен, саяси істердегі белсенділігімен Алаш қайраткерлерінің зор құрметіне ие болған Аққағаз Досжанова туралы жазылып зерттеліп жүр. Белгілі бір деңгейде баға берілді, соның дәлелі – Ақтөбе қаласында тарихи тұлғаның есіміне көше берілсе, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде Аққағаз Досжанова атында конференц холл бар және университеттің үздік студенттеріне Аққағаз Досжанова атындағы стипендия тағайындалған (3-сурет). Бұдан біз елі үшін адал қызмет жасаған тұлғалардың есімі ешқашан ұмытылмайтынын байқамыз. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazagstan» газетінде жариялаған мақаласында «Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпы ұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді» деген болатын [9]. Ендігі негізгі міндеттердің бірі – тарихта ұлты үшін аянбай қызмет еткен тұлғалардың еңбектерін көрсету арқылы жас ұрпақты тәрбиелеп, қоғамды рухани жаңғырту ісін қолға алу керекпіз.

Әсіресе аласапыран заманда өмір сүрген қандай қиын жағдайда да науқастарға адал қызмет еткен, қоғамдық-саяси істерге тікелей араласқан, ұлт мүддесі үшін күрескен, қиындыққа мойымай, ұлтын сауықтыру жолында жанкештілік танытқан Аққағаз



Сурет 3. А.Досжанованың ескерткіші (Марат Оспанов атындағы БҚМУ)

Досжанованың кісілік келбеті бүгінгі қоғам мен болашақ үшін өшпес ерлік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Ә. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы; 2001.
2. Әлжанов А. Алғашқы қарылғаштар. Алматы: Арыс баспасы; 2007.
3. Өтеміс И. Ақтөбеде Аққағаз Досжанова атындағы көше бар! *Ақтөбе газеті*. 2016;17 маусым. <https://aqtobegazeti.kz/?p=40901>
4. Қалиев Ә.Ә. Аққағаз – ақ халат киген тұңғыш қазақ қызы. *Ақтөбе газеті*. 2016; 8 маусым. <https://aqtobegazeti.kz/?p=40549>
5. Талжанов С. Адам туралы толғау мақаласы. Алматы:1965.
6. Сейфулин С. Тар жол, тайғақ кешу. Алма – Ата:1960.
7. Сарсенбина Б. Аққағаздың аманаты. *Жас Алаш газеті*. 2009;11:18 тамыз.
8. Тілешов Е, Қамзәбекұлы Д. «Алаш» қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар; 2014.
9. Қасым-Жомарт Тоқаев. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек. *Egemen Qazagstan*. 2024;1:3 қаңтар.

Ädebiетter tızımı:

1. Nysanbaev Ä. Qazaqstan Ұлттық entsiklopediya. Almaty: Qazaq entsiklopediyasy; 2001. [in Kazakh]
2. Äljanov A. Alğaşqy qarylğaştar. Almaty: Arys baspasy; 2007. [in Kazakh]
3. Ötemis İ. Aqtöbede Aqqağaz Dosjanova atyndağy köşe bar! *Aqtöbe gazeti*. 2016;17 mausym. <https://aqtobegazeti.kz/?p=40901>. [in Kazakh]
4. Qaliev Ä.Ä. Aqqağaz – aq halat kigen tünğyş qazaq qyzy. *Aqtöbe gazeti*. 2016; 8 mausym. <https://aqtobegazeti.kz/?p=40549>. [in Kazakh]
5. Taljanov S. Adam turaly tolğau maqalasy. Almaty:1965. [in Kazakh]
6. Seifulin S. Tar jol, taiğaq keşu. Alma – Ata:1960. [in Kazakh]
7. Sarsenbina B. Aqqağazdyñ amanaty. *Jas Alaş gazeti*. 2009;11:18 tamyz. [in Kazakh]
8. Tilešov E, Qamzabeküly D. «Alaş» qozğalysy. Entsiklopedialyq anyqtamalyq. Almaty: Sardar; 2014. [in Kazakh]
9. Qasym-Jomart Toqayev. Biz ozyq oilyl ült retinde tek qana alğa qarauymyz kerек. *Egemen Qazagstan*. 2024;1:3 қаңтар. [in Kazakh]